



3-ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Тест

1) Ең алғаш атом-молекулалық ілімді ашқан ғалымның есімін атаңыз

A. А.Н. Несмеянов

B. А.Л. Лавуазье

C. М.В. Ломоносов

D. А.М. Бутлеров

2) 1 м.а.б. қазіргі кезде қолданып жүрген дұрыс анықтамасын белгілеңіз

A. 12 - көміртек изотопы атомының $1/12$ массасы

B. 14 - көміртек изотопы атомының $1/14$ массасы

C. 16 - көміртек изотопы атомының $1/16$ массасы

D. 16 - оттегі изотопы атомының $1/18$ массасы

3) 1748 ж. М.В. Ломоносов ашқан заң қалай аталады?

A. көлемдердің қатынас заңы

B. эквиваленттер заңы

C. массаның сақталу заңы

D. зат құрамының тұрақтылық заңы

4) Зат құрамының тұрақтылық заңын кім ұсынды?

A. Ломоносов

B. Лавуазье

C. Пруст

D. Бертолле

5) Еселік қатынас заңының анықтамасы?

A. изоляция жүйесінде масса және энергия тең

B. әрбір химиялық таза зат тұрақты құрамымен қасиеттерімен сипатталады

C. екі элемент бірімен-бірі бірнеше қосылыс түзетін болса, ол қосылыстарда, сол элементтердің біреуінің бірдей етіп алынған салмақ бөлігіне екіншісінің сай келетін салмақ бөліктерінің өзара қатынасы кішкене бүтін сандар қатынасындай болады

D. химиялық реакцияларда заттар бірімен-бірі эквиваленттеріне еселі әрекеттеседі

6) 31 г натрий оксидінің (Na_2O) молекула саны ($\times 10^{23}$)

A) 1,5

B) 2,4

C) 1,2

D) 3,01

7) Сутек пен оттектің 1:8 массалық қатынаста әрекеттесетіні белгілі. 36 г су алу үшін сутек пен оттектің қанша массасы қажет?

A) 4г, 32 г

B) 5г, 32г

C) 4г, 30г

D) 3г, 29 г

8) Сірке суы мен ас содасы әрекеттескенде қандай газ бөлінеді?

A)CO

B)CO₂

C) SO₂

D)H₂O

9) «Моль» деген ұғымның дұрыс анықтамасын көрсетіңіз

A. салыстырмалы атомдық бірлігінде көрсетілген атомдардың массасы

B. көміртегінің ¹²C изотопының 0,012 кг-дағы атомдар санына тең құрылым бірліктері (молекулалар, атомдар, иондар, электрондар, т.б.) болатын заттың мөлшері.

C. 1 г сутегіндегі атомдар санына тең құрылым бірліктері болатын заттың мөлшері.

D. 16 г оттегіндегі атомдар санына тең құрылым бірліктері болатын заттың мөлшері.

10) Авогадро санының өлшем бірлігі:

А. мЗ/к. моль

В. моль-1

С. моль/л

Д. г/моль